

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС отырысының 2024 жылғы 5 сәуірдегі
ҚАУЛЫСЫ

1. Академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбекова «2024/2025 оқу жылына арналған профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесінің нормалары туралы ережені бекіту» туралы ақпараты тыңдап және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбекованың «2024/2025 оқу жылына арналған профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесінің нормалары туралы ережені бекіту» ақпараты назарға алынсын және ереже бекітілсін.

2. Филология институтының директоры А.В.Танжарықованың "2023-2029 жылдарға арналған Филология институтының даму бағдарламасы" туралы ақпаратын тыңдап және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

2.1 «Филология институтының 2023-2029 ж.ж. арналған Даму бағдарламасы туралы» баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.
2.2 Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековке, Филология институтының директоры А.В. Танжариковаға, Білім беру бағдарламасын жобалау департаментінің директоры А.М.Байдильдинаға, Филология институты академиялық мәселелер жөніндегі директор орынбасарлары Г.Б.Нүптекееваға, А.М.Сауриковаға, Филология институтының кафедра меңгерушілеріне:

Алматы қаласы мен облыстық мектептерде Институт кафедраларының филиалдарын ашу арқылы педагогикалық сыныптарды масштабтау жұмысы жалғастырылсын;

Біліктілікті арттырудан және шетелдік тағылымдамадан өткен профессор-оқытушылар құрамының үлесін арттыру жандандырылсын;

Қолданыстағы білім беру бағдарламаларының мазмұнына тұрақты түрде талдау жасау және стейкхолдерлардың ұсыныстарына сәйкес оларды жетілдіру назарда ұсталынсын;

Тұрақты сертификаттауды іске асыру және тілдік құзыреттілік деңгейін арттыру, ПОҚ жалпы санынан IELTS және TOEFL сертификаттарын алған ПОҚ үлесін арттыру бағытындағы жұмыстар жүргізілсін;

Coursera платформасының онлайн-курстарынан өтіп, сертификат алуына қол жеткізген Институт оқытушылары мен білім алушыларының санын арттыру бойынша нақты жұмыстар жүргізілсін;

«Күміс университет» жобасы бойынша атқарылып жатқан іс-шаралар аясы кеңейтілсін;

Институт профессор-оқытушы құрамының авторлық бұқаралық ашық онлайн курстарын (MOOC) дайындауы жетілдірілсін.

2.3. Стратегия департаментінің директоры Э.М.Таттибаева, Филология институтының директоры А.В. Танжариковаға,, Филология институты директорының ғылыми істер жөніндегі орынбасары А.Ә.Найманбаевқа, Филология институтының кафедра меңгерушілеріне:

Web of Science және Scopus базаларында индекстелген жоғары импакт-факторлы журналдарда институт ғалымдарының жарияланымдарының санын арттыру жөнінде жұмыстар жүргізілсін;

- Институт білім алушыларын академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелдік жоо-ларға жіберу жұмыстары жалғастырылсын;

- «Ағылшын тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының QS by Subject 2024 рейтингінде топ-100 ге енуі бағытында жұмыстар жүргізілсін;

- Институт түлектері қауымдастығының цифрлық платформасын құру жұмыстары қолға алынсын.

2.4. Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры Нұрмахан Әуесбекұлына, Филология институтының директоры А.В. Танжариковаға, Филология институтының кафедра меңгерушілеріне:

Шетелдегі қазақ диаспорасы арасынан студенттер санын арттыру бағытында үгіт-насихат жұмыстары жалғастырылсын.

2.5. Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департамент директоры Д.Ж.Ділдәбекке, Филология институтының директоры А.В. Танжариковаға, Филология институтының тәрбие жұмысы жөніндегі директор орынбасары А.Ү.Абдықалықовқа, Филология институтының кафедра меңгерушілеріне:

Университеттің студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының қызметіне тартылған білім алушылардың үлесі арттырылсын;

Институт білім алушыларынан жасақталған «Педагог-волонтерлар» жазғы волонтерлік бағдарламасы іске қосылып, халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан университет білім алушыларына тегін тілдік курстар ұйымдастырылсын;

«Enactus» халықаралық студенттік әлеуметтік кәсіпкерлік жобалар бағдарламасына студенттердің белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.

3. Әртүрлі.

4. Осы қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау академиялық істер жөніндегі проректор Б.М.Нарбековаға жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



Handwritten signature of B. A. Tilen
Handwritten signature of M. A. Absatova

Б.А.Тілен

М. А. Абсатова